

**Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және  
Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасында Нарын-Сырдария су қоймалары  
сарқырамасының су-энергетикалық ресурстарын 2001 жылы және 2003 жылдың I  
тоқсанында пайдалану туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 сәуір N 467

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және  
Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Нарын-Сырдария су қоймалары  
сарқырамасының су-энергетикалық ресурстарын 2002 жылы және 2003 жылдың I  
тоқсанында пайдалану туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Кәрім

Қажымқанұлы Мәсімовке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан  
Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан  
Республикасының Үкіметі арасында Нарын-Сырдария су қоймалары  
су-энергетикалық ресурстарын 2002 жылы және 2003 жылдың I тоқсанында  
пайдалану туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғызстан Республикасы Үкіметі және  
Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы Нарын-Сырдария тізбекті  
суқоймаларының су-энергетикалық ресурстарын 2002 жылы және  
2003 жылдың 1-ші тоқсанында пайдалану туралы

Келісім

Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғызстан Республикасы Үкіметі және  
Өзбекстан Республикасы Үкіметі, бұдан әрі Тараптар деп аталатын,

2002 жылдың наурыз айында Тоқтағұл су қоймасындағы су қоры көлемінің 2001  
жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 1,1 млрд текше метрге кем екендігін ескере  
о т ы р ы п ;

осы жағдайда су қоймасының режимін үйлесімді реттеудің қажеттілігін, су

тастауды келісімді жүзеге асыру, су және отын-энергетика ресурстарын тиімді пайдалануды мойындай отырып, төмендегілерге келісті:

1 - б а п

1.1. Қырғыз жағы өзінің тұтыну қажеттілігінен жоғары жалпы өтімділікте Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасына 2002 жылдың жазғы мерзімінде жер суландыруға қажетті көлемі 2,5 млрд текше метр суды Тоқтағұл су қоймасынан т а с т а у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і :

маусым - 457 текше метр/сек, шілде - 573 текше метр/сек, тамыз - 530 текше метр/с е к .

1.2. Қажеттілікке байланысты Тараптар тасталатын судың көлемін су шаруашылық жағдайының қалыптасуын ескере отырып қайта қарайды және өзгертулер енгізеді.

2 - б а п

Қазақстан Республикасының вегетация мерзімінде "Достық" каналына алатын суы 700 млн. текше метрді және Шардара су қоймасына құйылуы 2800 млн. текше метрді құрайды. 2002 жылдың сәуір айында "Сырдария" АСШБ қазақстан және өзбекстан жағымен бірлесіп "Достық" каналына берілетін судың ай сайынғы режимін анықтайды.

3 - б а п

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасына бекітілген жер суландыруға қажетті тасталатын және алынатын судың шектеуін қамтамасыз ету үшін, Қырғыз Республикасы жазғы мерзімде, бірдей мөлшерде, 2200 млн. кВт-сағ. электр энергиясын өткізуді жүзеге асырады, оның ішінде:

Қазақстан Республикасына 1100 млн. кВт сағ. дейін.

Өзбекстан Республикасына 1100 млн. кВт сағ. дейін.

4 - б а п

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасына берілетін электрэнергиясының есебі Қырғыз Республикасына энергоресурстар, электр энергиясы, қызмет көрсету және еркін конвентуралы валютамен төлеу арқылы Тараптармен анықталған шаруашылық субъектілер арасындағы келісім шарт негізінде жүзеге асырылады.

Өзара есептесудің нақты түрі мен көлемі, берілген өнімдердің өлшем бірлігінің бағасы және көрсетілген қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметі, Өзбекстан Республикасы Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметі арасындағы екі жақты Келісімде анықталады.

#### 5-бап

Әрбір Тараптың осы Келісімдегі өз міндеттерін орындауы Келісімге қатысушылардың жасалған келісім шарт қатынасы бойынша - мемлекеттік энергосистемасының параллелді жұмыс істеуіне негізделеді.

#### 6-бап

Тараптар келісілген су тастау режимі мен электрэнергиясын өткізуде тәртіп бұзатын әрекет жасамайды, сонымен қатар өзара келісілген суды алуда, электрэнергиясын өткізуде және оларды өз территориясынан алып өтуде басқа Тараптың құқығына қысым келтірмейді.

#### 7-бап

Нақты осы Келісім шегіндегі заттар мен көрсетілген қызмет барлық экспорттық және импорттық кеден төлемінен және салықтан босатылады.

#### 8-бап

Тоқтағұл су қоймасынан тасталатын судың режимін оперативті түзету және электроэнергиясын өткізу, қажет кезде "Сырдария" АСШБ және "Энергия" ОДО жүргізеді.

#### 9-бап

Нарын-Сырдария су қоймалар тізбегінің су энергетикалық ресурстарын 2003 жылға пайдалану мәселесін, 2002 жылдың III тоқсанының соңында, Бішкек қаласында Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы су шаруашылық, отын-энергетикалық кешендері өкілдерінің кеңесінде қаралсын.

#### 10-бап

Тараптар өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер және толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

#### 11-бап

Осы Келісімнің Баптарына түсінік беруде немесе пайдалануда туылатын даулы сұрақтар, Тараптар оны келіссөз жүргізу және кеңесу жолымен шешеді.

#### 12-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Келісім 2002 жылдың \_\_\_\_\_ каласында әрқайсысы орыс тілінде үш данадан жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қырғыз Республикасы Өзбекстан Республикасы  
Үкіметі үшін Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК